



Сыр бойы

8 тамыз, бейсенбі 2024 жыл

№121 (20795)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҰЛТТЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекітті.

Құжатта 2023 жылы Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында орнықты, сапалы және инклюзивті есу траекториясына шығу мақсатында экономикалық дамудың жаңа парадигмасын іске асыру қажеттігін белгілеп бергені атап өтілген.

«Орташа табыс тұзағынан» құтылу және Қазақстанның табысы жоғары елдер қатарына орнығуы үшін берік институционалдық және әлеуметтік-экономикалық негіздерді қалыптастыру – орта мерзімді кезеңге арналған дамудың негізгі мақсаттары. Жаһандық экономикалық, климаттық және технологиялық мегатрендердің артып келе жатқан қысымы, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық салада жинақталған теңгерімсіздіктердің қауіпті деңгейі жағдайларды қойылған міндетке қол жеткізу міндеттерге басымдық беруді және елді дамуының жаңартылған орта мерзімді жоспарын қалыптастыруды талап етеді», – делінген құжат мәтінінде.

Протекционизм мен шектеу шараларының күшеюі аясында қатар басталған жаһандық тізбектер мен сауда-экономикалық байланыстарды қайта құру үрдісі әлемдік экономиканың есу әлеуетінің төмендеуіне, жоғары инфляцияның ұзақ цикліне және инвестициялар үшін жоғары бәсекелестіктің болуына әкелді. Мұндай жағдайларда Қазақстан экономикасының экспорттық-шикізат моделі бюджет кірістерін қалыптастыру және оны әртараптандыруға инвестиция салу мүмкіндігі тұрғысынан шектелді.

«2014 жылдан бастап ұлттық экономиканың орташа жылдық есу



карқыны баяулады және бүгінде 5%-дан аз. Аса жеткіліксіз инвестициялау, инновацияның және экономика өнімділігінің төмен деңгейлері аясында бұл жойылып бара жатқан негізгі қорларды дамыту әрі орнын толтыру үшін жеткіліксіз. Бұл ретте, 2022 жылы ЖІӨ-нің 15%-дан астамы және Қазақстан экспорттың 70%-ы минералдық шикізатпен байланысты салаларға тиесілі болды. Сонымен бірге, қазба отындарына әлемдік сұраныстың шарықтау шегі жақындаған сайын және ресурстық базаның сарқылуымен экономикадағы құрылымдық өзгерістердің, сондай-ақ мемлекеттік қаржы саласында теңгерімді

саясат жүргізудің қажеттілігі артады», – деп жазылған құжатта.

Сонымен қатар, 10 жыл ішінде қомақты қаражат жұмсау арқылы экономиканы дамытуға арналған бюджет үлесі төмендеді. Бұл ретте, халықтың кірістер құрылымындағы мемлекеттік қолдаудың үлесі 2010 жылғы 14%-дан 2022 жылы 23%-ға дейін өсті.

«Өткен онжылдықтардағы Қазақстанның экономикалық өсуі қоршаған ортаның жай-күйіне елеулі әсер еткен қатар жүрді, ол жаһандық экологиялық факторлармен бірге экологиялық жағдайды нашарлатты. Қазақстан парниктік газдар шығарындары бойынша топ-20 елдің

қатарына кіреді, ал ел халқының 20%-дан астамы тұратын жерлердің үштен екісіне құрғақшылық қаупі төніп тұр. Бұл мәселелерді шешу 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша ел қабылдаған міндеттемелерге сәйкес шұғыл әрекет етуді талап етеді», – деп аталып өткен құжатта.

Мұнымен қоса, Қазақстанның серпінді технологиялардың жаһандық күрт даму үрдісіне қатысу әлеуеті жоғары. Аталған сын-кәтерлерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары әзірленді.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары шеңберінде экономикалық қайта құрулардың негізінде жатқан бес бірізді қағидат айқындалды:

- Жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру және тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту үшін бәсекелестікті ырықтандыру әрі ынталандыру;

- Кәсіпкерлікті қорғау және дамыту, сондай-ақ экономиканың өсуі үшін оны жеткілікті инвестициялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін инвесторлар үшін түсінікті, болжамды және тартымды экономикалық саясат;

- Сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және кәсіпкерлік пен шығармашылық бастаманы қолдауға қаса назар аударатын, қазақстандықтардың әлеуетін ашу;

- Инновациялық белсенділікті кеңейту, салалар мен кәсіпорындарды жаңғырту және цифрландыру арқылы экономиканың өнімділігі мен күрделілігін арттыруға қаса назар аудару;

- Өңірлердің дамуында аса үлкен алшақтыққа жол бермеу және өңірлердің өз әлеуетін әрі үлкен экономикалық дербестігін іске асыру үшін жағдай жасау.

Атап айтқанда, осы Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

/// ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Күріштің күтімі бөлек. Басты талап – суды жеткілікті жеткізу. Сырдария өзенінің деңгейі түскелі бұл талапты орындау да оңайға соқпай отыр. Оның үстіне өзге дақылға қарағанда Сыр маржанына суды еселен қүймей, өнімді бітік алу қиын. Сондықтан жыл өткен сайын барды ұқсатып, суды ысырап етпеу үшін егіс алқаптарын автоматтандыру процесі қарқын алған.

ҮНЕМНЕН ҮМІТ КӨП

Өңірде ауқымды қадам Жалағаш ауданындағы «Ер-Өлі» шаруа қожалығында қолға алынған. Мұнда австралиялық Rubicon компаниясы суару жүйесін автоматтандыруға арналған бірнеше құрылғы орнатып, егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуде. Алғашқы нәтиже де жаман емес. Шаруа қожалығында 1 жыл ішінде 10 мың текше метрге дейін су үнемделген. Алдағы уақытта егіс алқабына толықтай жаңа технологияны қолданылмақ. Автоматтандырылған құрылғының тиімді тұстары дүйсенбі күні Су ресурстары және ирригация вице-министрі Аслан Абдаримовтың облысқа сапары барысында таныстырылды.

2022 жылы қолға алынған жоба тиімділігін көрсетуде. Шетелдік компания ұсынған құрылғы бірнеше маман атқаратын жұмысты бірнеше минутта жасауға мүмкіндік береді. Механизмі де қарапайым. Арнайы басқару бағдарламасымен қамтылған құрылғы егістіктің бастау арнасына орнатылады. Кейін егістікке келетін суды ағыздарға тең бөліп, автоматты түрде есепке алады.

Айта кетерлігі, құрылғы арнайы бағдарламалық жүйе арқылы жұмыс істейді. Бағдарлама арқылы суару мезгілі, су деңгейі секілді қызметті қашықтан басқаруға болады.

– Rubicon компаниясының автоматтандырылған жапқышы жалпы ауданы 6,3 гектарды құрайтын 2 күріш чегіне орнатылды. Ол су беру және оны есептеу үшін



қолданылуда. Чектердегі суды бақылау үшін қосымша BayDrive атты қондырғы, ауа райын болжау станциясы, су деңгейінің және топырақ ылғалдылығының сезбектерін әкелдік. Бағдарламалық жабдық әр алқапта су деңгейін автоматты түрде сақтап тұруға әрі ауа-райы мен алқап деректерді жинауға көмектеседі, – дейді Rubicon компаниясының Қазақстандағы өкілі Ержан Төлегенов.

Автоматты жүйе бұған дейін су шығынын өлшеуге ғана қолданылса, биыл сапалы суару арқылы өнімділікті арттыруға мүмкіндік берген. Мәселен, өткен жылы қондырғының көмегімен 1 гектар алқапта 27 мың текше метр су жіберілсе, қазір автоматты жүйе арқылы небәрі 17 мың текше метр су пайдаланылуда. Нәтижесінде 10 мың текше метр үнемделді. Демек жаңа технологияны барлық диканға қолжетімді жағдай туғызса, қуаңшылықтың алдын алуға мүмкіндік туамақ.

– Су – шаруалардың негізгі қажеттілігі. Оны үнемдеу, дұрыс қолдану басты мақсатымыз. Шаруашылыққа орнатылған Rubicon компаниясының құрылғысы тіршілік нәріні үнемдеудің ең оңтайлы тәсілі. Құрылғы толығымен жаңа технологияға негізделген. Артық жарық пен энергияны да қажет етпейді. Министрлік үшін мұндай құрылғылардың көбеюі маңызды. Сондықтан алдағы уақытта суды үнемдеу үшін құрылғы санын арттыратын боламыз, – деді вице-министр Аслан Абдаримов.

Орайы келгенде кешенді құрылғыны толық тарқатайық. Компания аймаққа екі түрлі технологияны жеткізген. Алғашқысы – SlipMeter. Бұл күріш чектерін суару үшін жапқыштарды ашу-жабу кезінде су шығынын автоматты түрде өзгертуге арналған. Тіпті, жұмсалатын су көлемін үздіксіз бақылауға да жол ашуда. Келесі – Baydrive. Мамандардың айтуынша, құрылғының көмегімен алқаптағы су ағынын бақылауға болады. Күріш алқаптарына сезбектер орнатылып, сол арқылы су деңгейі бақыланады. Ал ауа райы станциясы жауын-шашын көлемін, температураны, жел жылдамдығын, булану деңгейін есептеуге арналған.

Ең бастысы, мұндағы ақуал күнделікті электронды есеп жинақталады. Сол арқылы «күнне қанша су пайдаланылды?», «күріштегі су көлемі қандай?» деген сауалдарға жауап бере алады. Мұндай мониторингтік хабарламаны кез келген жерде, кез келген уақытта галамтор арқылы көруге болады.

/// «АЛТЫН БЕЛБЕУ»

БОЗКІЛЕМДЕ – БАЛУАНДАР

Кеше «Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен облыстық «Алтын белбеу» сайысы басталды. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын жарыстың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Мұнан соң ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, облыстық мәслихат депутаты Садық Мұстафа сөз алып, қатысушыларға лебізін жеткізді.

Биыл көшпенділер ойыны аясында 15-ші мәрте ұйымдастырылған бәсекеде 250-ге жуық спортшы қатысады. Олар әр салмақ бойынша іріктеу сынынан өтіп, ақтық сында өнер көрсетпек. Ал спортшылардың бәсекесіне 11 төреші қазылық ететін болады.

Сондай-ақ жеміпнас спортшы «Сыр барысы» атағын иеленсе, II орын иегері «Сыр арланы» болмақ. Ал келесі жүлдені иемденген спортшыға «Сыр сұңқары» атағы беріледі. Жүлдегерлер қаржылай және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Айта кетейік, аталған жарыстың қорытындысы бүгінге жоспарланған.

«СБ» ақпарат



/// ЖӘДІГЕР

«АЛАШ ӘДЕБИЕТІ» МУЗЕЙІ – ЖАН ЖИҢАЗЫ

1925 жылы ақпан айында еліміздің саяси-әкімшілік орталығы болған Орынбор қаласынан мемлекеттік басқару органдары Ақмешітке көшіріліп, Кеңестердің бүкілқазақстандық V съезінде орысша «киргіз» аталып келген халқымыздың «қазақ» атауы қайтарылды. Республика астанасы болып белгіленген Ақмешіт қаласы Қызылорда болып өзгертілді. Қызылорда 1929 жылға дейін қазақ елінің астанасы болып тұрды.

Міне, сол тарихи оқиғаға келер жылы бір ғасыр уақыт толады. «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» депті аталарымыз. Егер өткен өмір сабақтарын халық жадында жаңғыртпасақ қазынамызды қазан ұрпағанда, қайтсін.

Сол кезеңде – Ахмет Байтұрсынұов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Ұезов, Сәбит Мұқанов, т.б. қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары Қызылорда қаласында тұрып, шығармаларын өмірге алып келді, қызмет етті.

Бұл – Сыр елі үшін ғана емес, күллі қазақ үшін құнды тарих, болашақ ұрпақ санасына сіңіріп қалдыратын құндылық.

/// ДЕНСАУЛЫҚ

АПТАЛЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ШАРА

«Анаға тағзым» орталығында апталық аясында облыстық денсаулық сақтау басқармасы, перинаталдық орталық және салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастыруымен «Ана сүтінің маңыздылығы» атты іс-шара өтті.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының «Ана мен бала денсаулығын қорғау» жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова апталық аясында өтіп жатқан іс-шаралардың барысын таныстырды.

– Облыстық перинаталдық орталығына ана сүтімен

Осының бәрі жан байлығына қалай айналады. Ол үшін біздің музейлеріміз бай болу қрек, ол үшін кітап оқуымыз қажет.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда: «Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деген болатын.

Біз аймағымызда кітап оқуға және тарихты жаңғыртуға қатысты іске асырылған көптеген игі шараның куәсіміз.

2-бет

4-бет

2-бет

/// АКТИВ

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТ РЕДАКТОРЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Арал ауданында актив отырысы өтіп, аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев кадрлық өзгерістерге тоқталды.

Ауданға арнайы іссапармен барған «Сыр медиа» ЖШС-нің бас директоры Марат Аралбаев, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов, аудан әкімінің орынбасарлары, дербес бөлім басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.
Өздеріңіз білетіндей, Абай Елешов Арал аудандық «Толкын» газетінің әдеби қызметкерінен бастап бас редакторлығына дейінгі қызметті абыроймен атқарды. Ақпарат саласындағы орнын салмақтай отырып, басылым бөлімі үшін аябай еңбек етті. Аудан ұжариясы саналған төл басылымда 20 жылдан астам уақыт еңбек етіп, аймақ, аудан журналистикасында қолтаңбасын қалдырғанын көпшілік жақсы біледі, – деді аудан әкімі.
Аудан айнасы саналған «Толкын» газетінде басшылық қызмет жасаған А.Елешовке ауданның ең жоғарғы наградасы – Арал ауданының «Құрмет грамотасын» табыстады. Ол журналистикадағы еңбек жолын аудандық газет редакторының орынбасары ретінде жалғастырады.



«Сыр медиа» ЖШС-нің бас директоры М.Аралбаев аудандық «Толкын» газетінің бас редакторы қызметіне жаңадан тағайындалған

Айдар Сайлауовтың кандидатурасын жиналғандарға таныстырып, оның осы кезге дейінгі қызмет жолы мен жетістіктеріне тоқталды. Сонымен қатар аудандық «Толкын» газетінің бас редакторы қызметін атқарып келген А.Елешовтің еңбегіне тоқталып, сәттілік тіледі.

Жиын барысында облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қ.Шарабидинов, Арал ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Ж.Жақып және аудандық қоғамдық кеңес төрағасы А.Жоланов жаңа редактордың алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, Айдар Сайлауов 1996 жылы Арал ауданының Қызылжар ауылында дүниеге келген. Ол «Әлімсақ» журналы және республикалық «Ұстаз мәртебесі» газетінде тілші, жауапты хатшы болды. Облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі, республикалық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы қызметтерін атқарды.

Сондай-ақ актив отырысы барысында Қазақстан Журналистер одағы ұйымына жаңадан қабылданған Болатбек Қуатов пен Қойбағар Аяқбаева құйымның куәлігі мен төсбелгісін тапсыру рәсімі өтті.

«СБ» ақпарат

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Астанадағы «Фолиант» баспасынан әйгілі «Қобыланды батыр» жырының балаларға лайықтап қарасөзбен әңгімеленген нұсқасы кітап болып шықты. Әңгімелеуші – танымал қаламгер, Қазақстан мәдениет қайраткері Ақайдар Ысымұлы. Кітап Динара Буташева салған көркемсуреттермен безендірілген. Мұнда «Қобыланды батыр» жыры үш түпнұсқасының негізінде жасөспірімдердің оқуына ыңғайланып баяндалып отыр.

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ЖАҢА БАЯНЫ

«Қобыланды батыр» – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Көркемдігі жағынан әлем халықтарының әйгілі батырлық дастандарының қатарында тұрған классикалық шығарма. Батыр осы дастан арқылы халыққа ертеден эпостық аңыз кейіпкер ретінде жақсы танымал. Мұхтар Әуезов «Қобыланды батыр» жырын ерлік дастандардың ішіндегі ең шоқтығы биік туынды деп бағалаған. 1943 жылы «Қара Қыпшақ Қобыланды» деген пьеса да жазған. Ол Алматыдағы М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында тұрақты қойылып келеді. Бұл спектакльде кезінде Ш.Айманов, Х.Бөкеева, Ш.Жандарбекова, Ә.Молдабеков, С.Телғараев сынды қазақ театр өнерінің жұлдыздары ойнаған. Ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым, батыр Мәлік Ғабдуллин ғылыми диссертация қорғаған.



Авторын айтуына, «Қобыланды батыр» жырының «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты эпостардан ерекшелігі – тек қазақ халқының әдеби рухани мұрасы болуында. Мысалы, «Алпамысты» өзбек те, «Ер Тарғынды» ноғай да өз дастаны санайды. Бірсыпыра түбі бір түркі тектес, тілдес башқұрт, қырғыз, ноғай, өзбек және т.б. халықтар құрамында соларға сіңіп, сол халық болып кеткен қыпшақтар болғанымен, олар «Қобыланды батыр» жырына ортақтасқан емес.

«Мұны жырын жырлаған ақын жырау, жыршылар кезінде өздері өмір сүрген дәуір тұрғысынан жырды толықтырып, әрлеп отырған. Сондықтан да оның 29 түпнұсқасы бар. Қазақтың көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин 1860 жылы Марабай жыраудан «Қобыланды батырды» жазып алған. Жырдың ең көлемді нұсқасы да осы. Жырдың Қобыланды Тайбырулмен Қазан ханға шайқасуға шауып бара жатқан оқиғасын 1879 жылы Ыбырай ағартушы өзі шығарған «Қырғыз хрестоматиясына» енгізген. Осы Марабай жырау дастаны негізгі нұсқа ретінде алынып, батырлар жырларында, оқулықтарда жарияланып келеді. Жырдың нұсқалары Алматыда Орталық ғылыми кітапхана қорында, Әдебиет және өнер институтының қолжазба және мәтінтану бөлімінде, сондай-ақ Қазан, Орынбор, Мәскеу, Нөкіс, Ташкент, басқа да қалалар мұрағаттарында сақтаулы», – дейді Ақайдар Ысымұлы.

Қобыланды батырдың шыққан тегі – қазақ халқының ұйысуына үлесі мол іргелі бір арнасы – Қыпшақ, оның ішінде Қара Қыпшақ. Қара Қыпшақтан тарайтын Ұзын, Бұлтын, Қолденең, Қарабалық, Торыбес рулы ел өздерін Қобыландының ұрпағымыз деп, шежірелерін батыр бабасына апарып тіреуі қалыптасқан. Ақын Нұржан Наушабайұлы 1903 жылы Қазанда басылған «Манзұмат қазақия» («Қазақ шежіресі») деген дастанында тоқсан екі баулы Қыпшақтың шығу тегі мен аталарына қатысты тарауда Қобыландының 12 баласы болғанын айтып өтеді. Ал «Қобыланды батыр» жыры жиырмаға толмаған жас батырдың бәйбішесі Құртқадан – Бөкенбай, екінші әйелі Қарлығадан Қиықбай деген екі ұлды болуымен аяқталды.

Токтарбайұлы Қобыланды аңыз негізінде қиялдан жасалған кейіпкер емес, өмірде болған, ел қорғаған ерлік істерімен халық құрметіне бөленген және қазақ халқының қалыптасуына да үлкен үлес қосқан қас батыр, қолбасшы. Ол XV ғасырда Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасында, Қазақ хандығын құрылу тұста өмір сүрген. Қазақ хандығының алғашқы хандары Керей мен Жәнібек, дала данышпаны Асан Қайғымен заманда. Қазақ хандығы құрылу тұста ел тәуелсіздігі үшін күрескен тарихи тұлға, яғни бүгінде егемен тәуелсіз Қазақстан мемлекетіне айналған халқымыздың ұйысуының бастауында батыр бабымыз да тұр. «Қазақ хандығы» көркем фильмінде бас кейіпкерлердің бірі Қобыланды батырдың ерлік істері жақсы көрсетілген. Зираты Ақтөбе облысының Ресеймен шекаралас Қобда ауданында Жиренқопа ауылында, оның рухы ел шебінде Отанын мәңгі қорғап тұр.

1969 жылы бұл мазарда жатқан адамның кім екенін нақты анықтау, бас сүйегінен бет-бейнесін жасау мақсатымен антрополог Нозль Шаяхметов бастаған экспедиция Астанадағы «Фолиант» баспасынан әйгілі «Қобыланды батыр» жырының балаларға лайықтап қарасөзбен әңгімеленген нұсқасы кітап болып шықты. Әңгімелеуші – танымал қаламгер, Қазақстан мәдениет қайраткері Ақайдар Ысымұлы. Кітап Динара Буташева салған көркемсуреттермен безендірілген. Мұнда «Қобыланды батыр» жыры үш түпнұсқасының негізінде жасөспірімдердің оқуына ыңғайланып баяндалып отыр.

А. ҚОСПЕНБЕТҰЛЫ. Астана қаласы

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Байжанов Нұрбол Өмірғалиұлының атына Қызылорда облысының ішкі істер департаментінен берілген КЗ №18113 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

www.facebook.com/syrboyi.kz / Меншік иесі

https://twitter.com/syrboyi / Меншік иесі

www.instagram.com/syrboyi_kz / Меншік иесі

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

АПТАЛЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ШАРА

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше жыл сайын 3 миллионға жуық нәресте шетпейді. Ал ЮНИСЕФ деректеріне сәйкес, әлемде ана сүтімен емізу жыл сайын 800 мың баланың өмірін құтқарады және 20 мың ананы омырау обьырынан қорғайды екен.
Ана сүтін қолдану нәрестенің денсаулығын жақсартуға ең тиімді әдіс болып есептеледі. Аталған бағдарламаның мақсаты да тек ана сүтімен емізу коэффициентін 95%-ға арттыру және сол арқылы жаңа туған нәрестелердің өлім-жітім сапасын азайту.
– Бала үшін ана сүті – ең жақсы тағам. Бала-1бет

ланы 9 ай көтерген ана ағзасындағы әрбір жасуша балаға қандай микроэлементтің қажет екенін сезеді, яғни, ана өз сүті арқылы ақуыз, көмірсу, май, пайдалы дәрумен, минералдарды тура балаға керек мөлшерде бере алады. Сондай-ақ ана сүтін «Баланың иммунитеті» деп атайды. Себебі ана сүтінде иммуноглобулиндер бар. Ол сәбидің әртүрлі вирус, инфекция, микробтарға қарсы күресуіне мүмкіндік береді. Емізу баланың анасына деген сүйіспеншілігін арттырады және бала анасының махаббатын сезеді. Сондай-ақ баланы емізу арқылы омырау обьыры немесе аналық бездегі обьырдың алдын алуға болады, – деді «Ана сүтімен қоректендіру» бағдарламасының

өңірлік үйлестірушісі Нүргүл Скакова.
Облыстық перинаталдық орталығының бас меіргері Құралай Бегімова, Галия Әшімова аналар мен бала күтіміне қатысты бірқатар кеңес беріп, тәжірибелерін бөлісті. Сондай-ақ дәрігерлер ана сүтімен емізудің маңыздылығын, нәрестенің жалпы күтімі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға қатысқан аналар мен қыз-келіншектер өздеріне қажетті мәлімет алып, ұйымдастырушы ұжымға алғыстарын айтты.

Аружан ЕРАЛЫ. «Сыр бойы»

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ЕҢБЕКТЕН ҚАШПАЙДЫ

Қызылорда қаласында «Жәудір» мүгедектер қоғамдық бірлестігі 2 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Бірлестік директоры Гүлсім Әбілованың айтуынша, тағдырлас жандарға қол ұшын беріп, қоғамға араласуына мүмкіндік жасау үшін құрылған. Бүгінде 10 адамды жұмыспен қамтып отыр.



Суреттері түсірген Нұрбол ЖҰРЖАУБАЙ

– Менің негізгі мамандығым – филолог. Біраз жыл Байқоңырдағы мектепте мұғалім болып жұмыс істедім. Бірақ көру қабілетім нашарлап, оқушылардың дәптерін тексере алмадым. Дәрігерлер үшінші топқа шығарып, жұмыс істеуге болмайтынын айтты. Қаншама ем алғаныммен көзімнің көру қабілеті жақсармады. Қазір бірінші топ мүгедегімін. Талай жыл ұстаздық қызметте болғандықтан маған бұл ауыр тиді. Басқа жұмысқа денсаулығым жарамайды. Біршама уақыт қаладағы соқырлар қоғамында жұмыс істедім. Бұл жұмыс та көңілмен шықпайды. Содан осы бірлестікті ашуды ұйғардым. Біз түрлі өнімдер шығарамыз. Бірақ мақсатымыз – пайда табу емес. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қолынан қандай іс келеді, соны барынша ұқсатып, өз-өзін қамтамасыз етуге үйретеміз, – дейді ол.
Үш бағытта жұмыс істейтін бірлестікте тағдыр тауқыметін тартқан жандар шүйірлесіп, бір үйдің адамдарындай әр істі келісіп атқарады. Колонер, тігін және емдік массаж бағытында өз-өздерін жұмыспен қамтып отырған жанды бар. Мәселен, колонер бағыты бойынша гипстен көптеген бұйымдар

жасайды. Осында қантар айында қоғамдық жұмысқа орналасқан Ботағоз Боллегова гипстен қобдиша, тиын салғыш, доп, той табақ заттарын жасауды тез үйреніп алған.
– Бұл бұйымдарды жасау үшін арнайы гипсті пайдаланамыз. Оны суға араластырып, қалыпқа құямыз. Қатқан соң қалыптан шығарып, оны бояп, әрлейміз. Өнімдердің барлығы қолжетімді бағада. Бір қобдиша бағасы көлеміне қарай 250-300 теңге аралығында сатылады. Күніне 100 қобдиша, 50 тиын салғыш шығаруға мүмкіндігіміз бар. Қазір тойдың маусымы болғандықтан тапсырыстар көп, – дейді ол.
Мұнан бөлек балалардың жастығы, көрпе, көрпешелер, кейінгі кезде ұмытылып бара жатқан сыпыра тігуді де қолға алған. Сапалы матадан тігілетін болғандықтан сұраныс жақсы. Оның үстіне бағасы базардағыдай аспандап тұрған жоқ. Қол еңбегіне үстеме қоймай, тек шикізатқа кеткен тауардың бағасына ғана ақы алады. Сонымен бірге, жіп, тоқыма бұйымдарын да жасайды.
Тағы бір бағыты бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін емдік массаж қызметі де бар. Айына бір адамға қайырымдылық

көмек керсетіледі. Мемлекеттен берілетін мүмкіндікті де пайдаланып, жұмысы орнын субсидиялау бойынша айлық төленеді. Өз-өздерін қаржыландырып отырған бірлестік алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтіп, аудандардан филиал ашуды да мақсат етеді.
– Алға қойып отырған мақсатымыз бар. Бірлестік енді аяққа тұрып келе жатқандықтан, бізге қасіпкер инвестиция жасаса деген ұсынысымыз бар. Өйткені, қаражат жақсы жетіспейді. Айналым да көп емес. Тек қолдағы барды тиімді пайдаланып отырмаз. Тігіншілік бағытын дамытып, заманауи цех ашуды көздеміз. Онда мақтаны жуып, түтіп, қайта тазартып жаңадан көрпеше жасауды қолға алғымыз келеді. Қазір осы салада сұраныс көп. Перде тігуді де жоспарлап отырмыз. Әрине барлығына қаражат керек.



Ауданда филиал ашып, ол жақта да мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға араластырып, еңбекке баулығымыз келеді, – дейді бірлестік директоры.
Расында еңбек ете білген жанның несібесі мол болады. Мүмкіндігі шектеулі екеніне қарамастан жұмыстан қашпай, тіршілік қылып жүрген жандардың еңбегіне сырттай сүйсінесің. Өзгеге масыл болмай, өз-өзін еңбекке баулыған бірлестік жұмысшыларының ісі көпке өнеге.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА. «Сыр бойы»